

2022 жылдың маусым айының 2-ші онкүндігіне қысқаша агрометеорологиялық шолу

Маусымның екінші онкүндігінде орын алған метеорологиялық жағдайлар жаздық дәнді дақылдардың өсіп өнуіне қанағаттанарлық болған, жауған жауын-шашын топырақта ылғал қорының қалыптасуын біршама жақсартқан.

Еліміздің солтүстік жартысында жаздық дәнді дақылдардың жағдайы көбінесе жақсы, жеке учаскелерде қанағаттанарлық. Даму фазасы «3-жапырақ» - «түтікке шығу», ерте себілген егістерде «төменгі сабақ түйінінің пайда болуы» - «масақтану». Барлық жерлерде егістіктерді арамшөптерге қарсы гербицидтермен өңдеуге, зиянкестер мен ауруларға қарсы күрес мақсатында кейбір жерлерде улы химикаттармен өңдеуге кіріскен.

Оңтүстік облыстарда жаздық бидайда «төменгі сабақ түйінінің пайда болуы» - «дәннің сүттенуі», жаздық арпада «сүттену» – «толық пісу» кезеңдері байқалған. Өсімдіктердің жағдайы өте жақсы және жақсы, өткен онкүндіктің басында Талдықорған және Нарынкөл станцияларының маңайындағы учаскелерде бидай мен арпаны суаруға кіріскен.

Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстарында күздік бидай себілген аудандарда астықтың гүлденуіне және толық пісуіне қолайлы жағдайлар болған. Елдің оңтүстік-шығысында онкүндік бойы жауған жауын-шашын, топырақтағы ылғал қорының сақталуына ықпал еткен. Даму фазасы «дәннің сүттенуі» - «толық пісуі», Алматы облысының жекелеген учаскелерінде – «масақтану».

Жылу сүйгіш дақылдардың (жүгері, күріш, қант қызылшасы, соя) жағдайы жақсы, қолмен қопсыту және жырту, өсімдіктерді суару жалғасуда, күріш чектеріне су жіберіле бастаған, жолдар арасын босатып, мақтаны үстеп құнарландыруға кіріскен.

Шығыс Қазақстан, Қостанай және Павлодар облыстарының бақылау учаскелерінде күнбағыс егістіктерінде «нағыз 2-ші жапырақ жұбы» – «гүл шоғырларының пайда болуы» фазалары байқалған. Күнбағыстың жағдайы өте жақсы және жақсы, тырмалауға, жолдар арасын қопсытып, арамшөптерді гербицидтермен өңдеуге кіріскен.

Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Қарағанды облыстарында картоп екпелерінде «көктеу» - «бүйір өскіндерінің пайда болуы», Алматы облысында – «гүлдену» фазалары байқалған, вегетациялық суару, қолмен қопсыту және түптеу, сондай-ақ қопсыту жұмыстары жалғасуда.

Жеміс дақылдарының жағдайы бақылау учаскелердегі барлық жерлерде жақсы, Алматы облысының Есік станциясының маңайындағы бақтарда алма ағашын суаруға кіріскен.

Өткен онкүндікте жайылымдық мал шаруашылығының басым аймағында ауа райы ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізу үшін қолайлы болған, мал жайылымы барлық жерлерде жүргізілген. Ветеринариялық іс-шаралар, алыс жайылымдарға мал айдау жалғасуда.

Жайылымдардың жағдайы көбінесе жақсы, өте жақсы Ақтөбе облысының Ырғыз ауданында, Алматы облысының Балқаш ауданында, Қарағанды облысының Шет ауданында, Қызылорда облысының Шиелі ауданында, Түркістан облысының Созақ ауданында, Солтүстік Қазақстан облысының Уәлиханов ауданында байқалған. Жайылымдар әлсіз және орташа тапталған. Қарағанды облысының Шет ауданында, Маңғыстау облысының Маңғыстау ауданында жайылымдар тапталмаған. Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданындағы жайылымдар қатты тапталған.

Шымның жағдайы көбінесе құрғақ, кейбір жерлерде дымқыл болған.

Жамбыл және Түркістан облыстарында топырақтың метрлік қабатындағы өнімді ылғал қоры *оңтайлы*, Ақмола және Қарағанды облыстарында *қанағаттанарлық*, Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарында *оңтайлыдан қанағаттанарлыққа* дейін, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарында топырақтың ылғалдану жағдайлары *жеткіліксіз* болса, елдің қалған аймағында *қанағаттанарлықтан жеткіліксізге* дейін қалыптасқан.